

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 қарашадағы N 1087 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап . Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 98, 102-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжаттар; N 3, 20, 23-құжаттар; N 4, 28, 33-құжаттар; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 12, 88-құжат; N 13, 99-құжат; N 15, 106-құжат; N 16, 131-құжат; N 17, 136, 139, 140-құжаттар; N 18, 143, 144-құжаттар; N 19, 146, 147-құжаттар; N 20, 152-құжат, N 24, 180-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат, N 12, 48, 51, 54, 57, 58-құжаттар; 2008 жылғы 15 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2008 жылғы 15 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданараптық соттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Ресpubликасының Заңы):

57-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу";

мынадай мазмұндағы 59-1-баппен толықтырылсын:

"59-1-бап. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар
белгілеу

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау кезінде құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесі субъектісінің өтініші бойынша не болмаса өз бастамасы бойынша сот жеке тұлғаға, қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке, отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында қастандық ойлайтын қасақана құқық бұзушылықтар, сондай-ақ осы Кодекстің 111-1, 112, 136, 318-321, 326-328 және 355-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатын адамдардың мінез-құлқына үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге мынадай ерекше талаптар белгіленуі мүмкін:

1) егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сотта қарау барысында кешкілік немесе тұнгі уақытта көніл көтеретін және демалатын жерлерге бару нақты адамның құқыққа қарсы мінез-құлқының қалыптасуына ықпал ететіні немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға қауіп төндіретіні анықталатын болса, ондай жерлерге баруға тыйым салу;

2) тұнгі уақытта тұрғын үйден шығуға тыйым салу;

3) сүйк, атыс қаруын және оның оқ-дәрілерін сатып алуға және пайдалануға тыйым салу;

4) құқық бұзушы оған дене, материалдық немесе психологиялық зиян келтірген адамдармен байланыс жасауға тыйым салу;

5) алдын алу әңгімелерін өткізу үшін алдын алу субъектілеріне - органдарға келуге міндеттеу.

2. Тиісті медициналық ұсынымдар болған жағдайда шектеулер әрекет ететін мерзім ішінде құқық бұзушыға психологиялық түзету бағдарламалары курстарынан өту міндетті жүктелуі мүмкін. ";

76-бап мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтарымен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тәрбиелік ықпал ету шаралары әкімшілік жазаға тартылған кезде де кәмелетке толмағанның құқыққа қарсы мінез-құлқына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында қолданылады.

2-2. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тәрбиелік ықпал ету шараларын әкімшілік жазаға тартатын орган (лауазымды адам) тағайындейды. Осы Кодекстің 59-1-бабында көзделген бос уақытты шектеуді және

алдын алу түріндегі мәжбүрлеу шараларын қолдануды кәмелетке толмаған жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарau кезінде сот өз бастамасы бойынша немесе құқық бұзушылықтың алдын алу субъектісінің өтініші бойынша тағайындаиды.

" ;

355-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Ішкі істер органдарының қызметкері шығарған қоғамға қарсы іс-әрекеттерді тоқтату туралы ресми ескертуді орындаамау - бес айлық көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 365-1-баппен толықтырылсын:

"365-1-бап. Құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдамау

1. Ұйым басшысының және басқа да лауазымды адамдардың құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесі субъектілерінің ұсынымдары (жеке ұйғарымдары) бойынша қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шараларды қабылдамауы, -

айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жазага тартылғаннан кейін бір жыл ішінде қайта жасалған әрекеттер, -

айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады . " ;

541-баптың бірінші бөлігі "363," деген сандардан кейін "365-1," деген сандармен толықтырылсын ;

636-баптың 1-бөлігінің 1) тармақшасы "363," деген сандардан кейін "365-1," деген сандармен толықтырылсын .

2. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 18-құжат; 2004 ж., N 2, 10-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат, N 17-18, 76-құжат, 2006 ж., N 3, 22-құжат, N 10, 52-құжат; 2007 ж., N 2, 14, 18-құжаттар; N 3, 20-құжат; N 8, 52-құжат; N 9, 67-құжат; N 20, 152-құжат):

7-бап мынадай мазмұндағы 5-5) және 5-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-5) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу ;

5-6) балалар үйлері мен интернаттарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу;" ;

9-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мүгедектер, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және балалар үйлері мен интернаттарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының белгіленген квотасын орындауға ".

3. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 234-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 13, 53-құжат, 2007 ж., N 9, 67-құжат):

5-баптың бірінші абзацында "патриоттық" деген сөзден кейін ", құқықтық" деген сөзбелен толықтырылсын.

4. "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 18, 105-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 20, 152-құжат) :

1-баптың 4) және 6) тармақшалары алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 19-1, 19-2, 19-3, 19-4, 19-5 және 19-6-баптармен толықтырылсын:

"19-1-бап. Жеке алдын алу шаралары
Құқық бұзушылықтың жеке алдын алуға:
1) профилактикалық әңгіме өткізу;

2) профилактикалық есепке қою және профилактикалық бақылау белгілеу;

3) құқықтық сипаттағы шаралар:

арнайы білім беру үйымдары мен ерекше режимдегі білім беру үйымдарына жіберу;

әкімшілік және тәртіптік жазаға тарту;
қылмыстық-құқықтық ықпал ету (немесе сипатындағы) шараларын қолдану жатады

19-2-бап. Профилактикалық әңгімелесу

1. Профилактикалық әңгімені алдын алу субъектісінің өкілі (қызметкері) жүргізеді, оның құзыретіне тиісті санаттағы адамдармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу жатады және қоғам алдындағы жауапкершілікті, қоғамға қарсы іс-әрекеттердің әлеуметтік және құқықтық салдарларын түсіндіруде, белгіленген жүріп-тұру нормалары мен ережелерін ұстанудың қажеттігіне көз жеткізуде байқалады.

Профилактикалық әңгімелесу құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарда, сондай-ақ түрғылықты жері, оқу, жұмыс орны не болмаса тікелей қоғамға қарсы іс-әрекеттер анықталған жерде жүргізіледі.

Әңгімелесу барысында жеке құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары қолданылатын адамға қоғамға жат мінез-құлықты тоқтату қажеттігі туралы ескертіледі.

Кәмелетке толмағандармен профилактикалық әңгімелесу өткізу міндетті түрде оның ата-анасының, педагогтардың немесе өзге занды өкілдердің қатысуымен жүргізіледі.

2. Құқық бұзушылықтың алдын алу субъектісінің өкілі профилактикалық әңгімелесу өткізгеннен кейін акт жасайды, онда:
оны жасаған күні мен орны, лауазымы, әңгіме өткізген адамның тегі мен аты-жөні;
әңгіме өткізілген кәмелетке толмаған туралы мәліметтер және оны жүргізу үшін
себеп болған негіздер;

кәмелетке толмағанның заңды өкілдері мен профилактикалық әңгіме жүргізуге
қатысқан өзге де адамдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

3. Профилактикалық әңгімелесу өткізу фактісі қатаң есептегі құжат болып
табылатын профилактикалық әңгімелесуді есепке алу журналында тіркеледі, онда:
әңгімелесу өткізілген күні, өткізген адамның лауазымы, тегі және аты-жөні;
әңгімелесу өткізілген адам туралы мәліметтер және оны өткізуға себеп болған
негіздер;

кәмелетке толмағанның заңды өкілдері және профилактикалық әңгімелесу өткізуға
қатысқан өзге адамдар туралы мәліметтер жазылады;

өткізген адамның және профилактикалық әңгіме өткізілген адамның не болмаса
кәмелетке толмағанның заңды өкілдерінің қолы қойылады.

Профилактикалық әңгімелесу өткізілген адам қол қоюдан бас тартса, журналда оны
жазған адамның тиісті жазбасы жазылады. Қол қоюдан бас тартқан адамға бас тарту
себептерін жазбаша баяндау құқығы беріледі.

4. Профилактикалық әңгіме жүргізудің негізі қоғамға қарсы іс-әрекет жасау болып
табылады.

Жүргізілген профилактикалық әңгімелесулардің актілерін есепке алушың тәртібін
олардың алдын алу қызметін жүзеге асырудағы құзыретін ескере отырып, алдын алу
субъектілері айқындаиды.

19-3-бап. Профилактикалық есеп және бақылау

1. Профилактикалық есепті кәмелетке толмағандар арасындағы құқық
бұзушылықтың, қараусыздық пен панасыздықтың алдын алу жүйесінің субъектілері
жүзеге асырады және ол құқық бұзушылық жасаған немесе қоғамға қарсы әрекетпен
айналысатын кәмелетке толмағандар туралы деректерді анықтау, тіркеу, жинау және
талдау жөніндегі шаралар жүйесін білдіреді.

2. Профилактикалық бақылау - профилактикалық есепте тұрған кәмелетке
толмағандардың өмір салтын, мінез-құлқын, тәрбиесін және ұсталуын қадағалау және
олармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу.

3. Профилактикалық есеп пен бақылауды профилактикалық есепте тұрған, оның
қызмет көрсететін аумағында тұратын кәмелетке толмағандар арасындағы құқық
бұзушылықтың, қараусыздық пен панасыздықтың алдын алу жүйесінің субъектілері
жүзеге асырады.

Профилактикалық есеп жүргізуде және бірнеше мемлекеттік органдарда есепте
тұрған кәмелетке толмағандарды бақылауды жүзеге асыруда өзара іс-қимыл жасасу

тәртібі олардың бірлескен бұйрықтарымен айқындалады.

4. Профилактикалық есепке қою туралы шешімді кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қараусыздық пен панасыздықтың алдын алу жүйесінің субъектілері профилактикалық есепке қою үшін негіздердің болуын күеландыратын құжаттарды алған күннен бастап он күн ішінде қабылдайды.

5. Профилактикалық есепке қою туралы шешім кәмелетке толмағандардың тиісті санатымен профилактикалық бақылауды жүзеге асыруға жауапты орган бекіткен қаулымен ресімделеді, кәмелетке толмаған және кәмелетке толмағанның ата-анасы немесе оларды ауыстыратын адамдарға қол қою арқылы жарияланады.

Профилактикалық есепке қойылған кәмелетке толмағандарға қаулыны жариялаған кезде ауызша немесе жазбаша түрде олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, ол тұралы қаулыда белгіленеді.

Профилактикалық есепке қою туралы қаулыда оны шығарған органның лауазымды адамының лауазымы, тегі, инициалдары, толтырылған күні мен орны, оған қатысты қаулы толтырылған кәмелетке толмаған және оның ата-анасы немесе оларды ауыстыратын адамдар туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, тұратын жері, жеке басын күеландыратын құжаттың атауы, деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәліметтер, жұмыс немесе оқу орны), профилактикалық есепке қою негіздері көрсетіледі.

19-4-бап. Профилактикалық карточка және профилактикалық іс

1. Профилактикалық есепке алу профилактикалық карточкалар мен профилактикалық істерді толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Профилактикалық карточка мен профилактикалық істі құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілері кәмелетке толмағанды профилактикалық есепке қойған күні олардың мінез-құлқына жоспарлы бақылауды қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтар мен олардың тарапынан қоғамға қайши әрекеттерді уақтылы ескеरту мақсатында т о л т ы р а д ы .

2. Осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарға профилактикалық карточкалар толтырылады.

Осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 7), 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарға профилактикалық істер толтырылады.

3. Профилактикалық карточкаға кәмелетке толмағанның және оның ата-анасы немесе оларды ауыстыратын адамдардың сауалнамалық деректері, профилактикалық есепке қою негіздері, онымен профилактикалық әңгіме және басқа жеке алдын алу шаралары жүргізілгені туралы белгі, сондай-ақ профилактикалық есептен шығару негіздері не болмаса профилактикалық бақылауды ұзарту негіздері енгізіледі.

Профилактикалық карточка толтыруға негіз болған материалдар және жеке алдын алу жұмысының нәтижелерін көрсететін және профилактикалық бақылауды тоқтатудың не болмаса ұзартудың мақсатқа сай екендігі туралы шешімді растайтын

құжаттар профилактикаланатын адамдардың әрбір санаты бойынша жеке номенклатуралық істерге тігіледі.

Осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандардың заң сыйлаушылық мінез-құлықты ұстанғысы келмейтіні туралы куәландыратын деректер болса, ішкі істер органдарының лауазымды адамдары оларға профилактикалық істер толтырып, оны осы кәмелетке толмағандарды арнайы білім беру үйымдарына жіберу туралы мәселені шешу бойынша ұсынымхатпен бірге с отқа жібереді.

4. Профилактикалық іс кәмелетке толмағанның және оның ата-анаы немесе оларды ауыстыратын адамдардың сауалнамалық деректерінен, оны профилактикалық есепке қоюға негіз болған материалдардан, оның тұрғылықты жері, жұмыс және/немесе оқу орны бойынша мінез-құлқы мен тәрбиесі, ұсталу жағдайы, өмір салты туралы ақпараттан, сондай-ақ жеке алдын алу жұмысының нәтижелерін көрсететін, профилактикалық бақылауды тоқтатудың не болмаса ұзартудың мақсатқа сай екендігі туралы шешімді растайтын құжаттардан тұрады.

Профилактикалық карточка мен профилактикалық іс профилактикалық карточкалар мен профилактикалық істерді тіркеу журналында тіркеледі және адамды профилактикалық есептен шығарғанға дейін жүргізіледі.

19-5-бап. Бақылауды тоқтату және профилактикалық есептен шығару

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қараусыздық пен панаусыздықтың алдын алу жүйесінің субъектілері:

1) осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы әрекеттерін немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтардың соңғы фактісі анықталған сәтінен бастап бір жыл өткеннен кейін;

2) арнайы білім беру үйымдарында және ерекше режимде ұстайтын білім беру үйымдарында ұсталатын кәмелетке толмағандар оларды бітіргеннен кейін 10 күн өткен с о н ;

3) осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 6), 7), 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы процессуалдық шешім шығарылғаннан кейін бір жыл өткен соң;

4) осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 9), 10) және 13) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалау шараларына соттаған не болмаса шартты түрде соттаған мерзімін өтегеннен кейін немесе үкімді орындаудың шегерілген мерзімі өткеннен кейін;

5) осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандарды отбасына немесе өзге де балалар мекемесіне қайтарған сәттен бастап бір ай өткеннен кейін ;

6) қоғамнан оқшалаумен байланысты қылмыстық жаза тағайындау туралы үкім заңды күшіне енгеннен кейін 10 күн өткен соң;

7) профилактикаланатын адам Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға шыққан, кәмелеттік жасқа толған не болмаса қайтыс болған сәттен бастап;

8) профилактикалық есепке қойған сәттен бастап бір жыл өткен соң бақылауды тоқтатады және оны профилактикалық есептен шығарады.

2. Кәмелетке толмағандарды оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарында үсталатын кәмелетке толмағандардың профилактикалық істері оларды одан әрі есепке алу және бақылау үшін жеке профилактикалық жұмысты жалғастыру үшін ішкі істер немесе білім беру органдарына жіберіледі.

3. Егер бақылауды жүзеге асыру кезеңінде профилактикаланатын адамға жеке алдын алу шараларын қолдану үшін жаңа негіздер анықталса, тиісті кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қараусыздық пен панасыздықтың алдын алу жүйесінің субъектілері есепті жүргізу мерзімін ұзарту туралы қаулы шығарады. Бұл ретте профилактикалық есеп пен бақылау осы заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

19-6-бап. Бақылауды тоқтату және профилактикалық есептен шығару
негіздері

1. Профилактикалық есептен шығару және профилактикалық бақылауды тоқтату негіздері мыналар болып табылады:

1) профилактикалық бақылауды жүзеге асыратын органның басшылығы бекіткен қаулы;

2) бас бостандығынан айыруға соттау туралы сот үкімі;

3) кәмелетке толмағанның қайтыс болуы туралы куәлік не болмаса оның Қазақстан Республикасынан тысқары жерге тұрақты тұруға кету фактісін немесе оның кәмелеттік жасқа толғанын растайтын құжат.

2. Кәмелетке толмағанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалау шараларына, сондай-ақ шартты түрде немесе үкімнің орындалу мерзімі шегеріліп сотталған кезде профилактикалық есеп және бақылау осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Бас бостандығынан айыру орындарындағы жеке алдын алу жұмысы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті